



«Бекітемін»

«Дарын»

РҒПО директоры

Ғ. Тұрсынов

2023 жыл

**Физикадан халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлерді іріктеу өлшемшарттары (бұдан әрі-өлшемшарттар)**

1. Осы өлшемшарттар физикадан халықаралық олимпиадаға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлердің құрамын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 45 бұйрығының 12 және 16-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Олимпиадалық резервтің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамын қалыптастыру: оқушылардың республикалық олимпиадасының (бұдан әрі - РО) қорытынды кезеңіне қатысу қорытындылары бойынша оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамы қалыптастырылады. Оқу-жаттығу жиындары құрамына ең көп ұпай жинаған 9-10-11 (12) сынып оқушыларының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) 15 жеңімпаздары мен жүлдегерлері, өткен жылғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар, егер олар ең көп ұпай жинаған жағдайда кіреді. Бірінші 10-сынып жеңімпаздарына (бірінші, екінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), содан кейін 9-сынып жеңімпаздарына (бірінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) басым құқық беріледі.

Ескерту: даулы мәселелер туындаған жағдайда теориялық тапсырмаларда жоғары ұпай жинаған қатысушылар басым құқықты пайдаланады.

3. Физикадан Азия олимпиадасына (бұдан әрі - APhO) қатысу үшін құрама команда құрамына іріктеу:

APhO қатысу үшін құрама команданы қалыптастыру кезінде РО қорытынды кезеңінің нәтижелері, ағымдағы оқу жылының оқу-жаттығу жиындарына қатысу рейтингі және ағымдағы жылғы халықаралық олимпиадалардағы жетістіктері ескеріледі (құрамына алғашқы 8 үміткер кіреді).

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижелері			Барлығы
			Оқу-жаттығу жиындары	Физикадан халықаралық Жәутіков олимпиадасы	Физикадан республикалық олимпиада	
			50%	30%	20%	100%

4. Физикадан халықаралық олимпиадаға (IPhO) қатысу үшін құрама команда құрамына іріктеу:

IPhO-ға қатысу үшін құрама команда құрамын қалыптастыру кезінде оқу-жаттығу жиындарының нәтижелері, республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінің нәтижелері, өткен жылдардағы және ағымдағы жылғы халықаралық олимпиадалардың нәтижелері ескеріледі.

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижелері			Барлығы	
			Оқу-жаттығу жиындары	Физикадан халықаралық Жәутіков олимпиадасы	Физикадан республикалық олимпиада		Физикадан Азия олимпиадасы (APhO)
			40 %	24%	16%	20%	100%